

**№ 1-К нысанды сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушы субъектілер, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушы және оны жасаған адамдардың № 1-К нысанды статистикалық есепке алу карточкасын бірыңғай тәртіппен жүргізу және пайдалануды есепке алу туралы Нұсқауды бекіту және күшіне енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2001 жылғы 5 қаңтардағы № 3 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 24 сәуірде тіркелді. Тіркеу № 1477. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2004 жылғы 20 қаңтардағы № 4 бұйрығымен

"Келіскен"

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының  
Бас прокуроры Жоғарғы Сотының төрағасы  
2001.01.05. № 3 2001.01.04. № 5

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарын ақпараттық және статистикалық жағынан қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасы Президентінің 21.12.1995 жылғы "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" заң күші бар Жарлығының 11-б, Қазақстан Республикасы Президентінің 12.10.2000 ж. Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының жанындағы сот бойынша әкімшілік ету Комитеті Ережесінің 11-б. басшылыққа ала отырып,

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушы субъектілердің, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушы және оны жасаған адамдардың № 1-К нысанды статистикалық есепке алу карточкасын бірыңғай тәртіппен жүргізу және пайдалануды есепке алу туралы нұсқау бекітілсін және күшіне е н с і н .

2. Соттар, мемлекеттік органдар, мекемелер және жарғылық капиталында мемлекеттік меншіктің жалпы үлесі отыз бес пайыздан кем емес мекемелер:

- осы Нұсқаудың орындалуын және белгіленген үлгідегі есепке алу құжаттарын дайындауды қамтамасыз етілсін;

- заң күші бар бұйрықтарды, басқа нұсқау құжаттары нұсқауға с ә й к е с т е н д і р і л с і н .

3. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 9 қыркүйек 1998 жылғы № 809 және 9 тамыз 1999 жылғы № 66 бұйрықтары күшін жойды деп саналсын.

4. Бұйрықтың орындалуын қадағалау Қазақстан Республикасы Бас

прокурорының орынбасары А.В. Константиновқа және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот жанындағы сот бойынша әкімшілік ету Комитет төрағасына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының  
Бас прокуроры Жоғарғы Сотының төрағасы  
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы  
Құқықтық статистика және ақпарат (Департамент) орталығы  
**Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушы субъектілерді  
бірыңғай тәртіппен есепке алуды жүргізу туралы  
Нұсқау <\*>**

*Ескерту: Мәтін бойынша келесі сөз тіркестері "Облыстық прокуратуралар жанындағы және оларға теңестірілген құқықтық статистика және ақпарат орталық (тары, тарына, тарымен) келесі "облыстар және оларға теңестірілген құқықтық статистика және ақпарат орталықтары (тары, тарына, тарымен) деген сөз тіркестерімен ауыстырылды - ҚР Бас прокурорының 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 40 бұйрығымен.*

## **1. Жалпы ережелер**

1. Берілген Нұсқау мемлекеттік органдар, мекемелер және жарғылық капиталында мемлекеттік меншіктің жалпы үлесі отыз бес пайыздан кем емес мекемелер үшін, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзудың салдарынан тәртіптік не әкімшілік жауапқа тартылған адамдарды есепке алу тәртібін белгілейді (әрі қарай сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушы субъектілерді есепке алу).

2. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушы субъектілерді есепке алуды мәліметтер банкісін жүргізу жолымен "Мемлекеттік қызмет туралы" және "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңдарды ақпараттық және статистикалық қамтамасыз ету мақсатында Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат (Департамент) орталығы (әрі қарай ҚСЖА(Д) О) жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықпен күрес жағдайының талданылуы, тәртіптік және әкімшілік практикасы, осы құбылыстардың ведомстволық көп таралғандығы басқа мақсаттарда қолданылмайды.

Облыстар және оларға теңестірілген құқықтық статистика және ақпарат орталықтарында (әрі қарай ҚСЖАО) жергілікті есепке алу жүргізіледі.

3. Мемлекеттік органдардың және жарғылық капиталында мемлекеттік меншіктің жалпы үлесі отыз бес пайыздан кем емес мекемелер басшылары есепке алу-тіркеу материалдарының сапасы мен уақытында тапсыруын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Есепке алуға барлық лауазымды адамдар, Парламент мәжіліс депутаттары, судьялар, мемлекеттік қызметті орындауға өкілетті басқа адамдар, сонымен қатар

соларға теңестірілгендер, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзғаны үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылғандар жатады.

5. Мемлекеттік қызметті орындауға өкілетті басқа адамдарға барлық мемлекеттік қызметкерлер құқық қорғау органдармен және арнайы қызметтердің лауазымды адамдары жатады.

6. Мемлекеттік қызметті орындауға өкілетті адамдарға теңестірілгендерге: жергілікті өзіндік басқару органдарына сайланғандар; Қазақстан Республикасы Президентінің кандидатына, Қазақстан Республикасы Парламент мәжіліс депутаттығына заңмен белгіленген тәртіпте тіркелген азаматтар, сонымен қатар жергілікті өзіндік басқару органдарына сайланған мүшелердің еңбек ақысы Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджет қаржысынан мемлекеттік органдар мен жергілікті өзіндік басқару органдардың құрған бюджеттен тыс қорынан төленетін жергілікті өзіндік басқару органдарында тұрақты не уақытша жұмыс істейтін қызметкерлер, Мемлекеттік мекеменің не жарғылық капиталында мемлекеттік меншіктің жалпы үлесі отыз бес пайыздан кем емес мекемелердің лауазым иелері.

7. Берілген статистиканың субъектілеріне Қазақстан Республикасы "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңның орындалуын өз құзыретінің шеңберінде талап етуді және ондағы көрсетілген тәртіптік шаралардың қолданылуын қамтамасыз ететін барлық мемлекеттік органдар, мекемелер және жергілікті өзіндік басқару органдары, оның ішінде өз құзыретінің аясында сыбайлас жемқорлықпен заң бұзушылықты айқындауды, алдын орауды, ескертуді және кінәлі адамдарды жауапкершілікке тартуды жүзеге асыратын прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары, салық, кеден және шекара қызметтері, қаржылық және әскери полициялар жатады. <\*>

*Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Бас прокурорының 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 40 бұйрығымен.*

## **2. Алғашқы есепке алу актілерін жүргізу тәртібі**

8. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушы субъектілерді есепке алу үшін N 1 -К нысанды статистикалық карточка (әрі қарай карточка, 1-қосымша) негіз болады.

9. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты айқындаған мемлекеттік орган (лауазымды адам) ол туралы қаралған істің (материалдың) нәтижесі бойынша карточканы екі данамен тапсырады.

Бұл жағдайда мемлекеттік орган (лауазымды адам):

құқық бұзушылықты айқындаған, және оны істі (материалдарды) қарастыруға өкілетті, соның ішінде орталық құралымдар, аумақтық бойынша ҚСЖАО кәртішкелерді дереу жолдайды, әкімшілік істер бойынша шешім заңды күшіне

енген соң дереу жолданады;

құқық бұзушылықты айқындаған, бірақта субъектінің жауапкершілігін ісін (материалын) өкілетті емес болған жағдайда, осы іс-әрекет жөніндегі материалдар тәртіптік немесе әкімшілік жаза тағайындайтын органдарға жолданады. Істі (материалды) қарастырудың нәтижелері туралы өкілетті орган дереу әкімшілік істер бойынша - шешімнің заңды күшіне енген соң дереу құқық бұзушылықты анықтаған органға (лауазымды тұлғаға) хабарлама (5 қосымшаны) жолдайды. Осы ақпарат негізінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты айқындаған орган (лауазымды тұлға) аумақтық ҚСЖАО-ғына кәртiшкенi жолдайды.

Ескерту: құқық бұзушылықты айқындаған және істі (материалды) қарауға өкілетті мемлекеттік органның құрылымдарына мысалы, аудан әкімі жөнінде облыс әкімі жатады. Құқық бұзушылықты орган мен осы жағдай туралы істі (материалды) қарауға құқылы құрылымның өкілетінің айырмашылығына мысал: Прокурор, ішкі істер органы қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзуды айқындаған жағдайда, бұл жөніндегі ІО істі (материалды) қарап, қорытындысы туралы прокурорға хабарлайтын ІО-ның өкілетті басшысына жібереді. < \* >

*Ескерту: 9-тармақ өзгертілді - ҚР Бас прокурорының 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 40 бұйрығымен .*

10. Осы нұсқаудың 15-тармағында белгіленген қызметті әскери прокурордың бақылауына алынған мәліметтік орган (лауазым иесі) карточканың әрі қарай қозғалысын қамтамасыз ететін Әскери бас прокуратура жанындағы ҚСЖАО-на, көліктегі прокурор - көліктегі прокуратура жанындағы ҚСЖАО-на жібереді.

11. Карточканың реквизиттері баспа әріптермен тазартусыз және түзетусіз көк не қара бояумен толтырылады.

Есепке алуға жататын адамның тегі, аты және әкесінің аты бас әріппен жазылады. Оның жұмыс орны, қызметі, сонымен қатар құқық бұзушылықты айқындаған органның атауы (лауазым иесінің), істі (материалды) қараған адамның тегі, аты және әкесінің аты қысқартусыз көрсетіледі.

12. 1 тармақта сыбайластыққа байланысты құқықбұзушылықты анықтаған органның аты (лауазымды тұлғаның), 2 тармақта құқықбұзушылықты анықтаған (лауазымды тұлғаның) органның әскери прокурордың қадағалау аясында.

3 тармақта қысқаша құқықбұзушылықты қамтиды, 4 тармақ тұлғаның ведомстволық бағыныштылығын анықтайды, 5 тармақта істі қараған органның аты - жөні көрсетіледі.

6 тармақта көрсетілуге тиісті іс-әрекеттің саралануы Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес" заңымен үйлестіріліп істі қараған органның бергендері - тармақта қолданған жаза шаралары.

9-17 тармақтарында құқық бұзған жеке тұлға туралы анықталған мәліметтер

к ө р с е т і л е д і .

< \* >

*Ескерту: 12-тармақтың 1, 2 абзацтарының қазақша аудармасы болмағандықтан мәтін орыс тілінде беріліп отыр.*

*Ескерту: 12-тармақ өзгертілді - ҚР Бас прокурорының 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 40 бұйрығымен .*

13. 18-тармақта сыбайлас жемқорлықты айқындаған адам карточкаға қол қоюға тиісті, 19-тармақта өзінің тегін, қызметін, карточканы толтырған күні к ө р с е т е д і .

20, 21-тармақтарды бірыңғай журналдың мәліметтеріне сәйкес істің ( материалдың) нөмірін, тіркелген күнін, өзінің аты-жөнін карточкаға қолын қойған ҚСЖАО қызметкерлері толтырады. <\*>

*Ескерту: 13-тармақ өзгертілді - ҚР Бас прокурорының 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 40 бұйрығымен .*

14. Карточка толтырылғаннан кейін ресми статистикалық құжат болып саналады. Оған қол қойған адам көрінеу жалған мәлімет енгізгені үшін заңда белгіленген тәртіпте жауапқа тартылады.

15. ҚСЖАО-да карточкалар сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушы субъектілерді бірыңғай есепке алу журналына тіркеледі (әрі қарай бірыңғай журнал (2-қосымша). Тіркеуге алынғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей карточканың бір данасы толтырылған реквизиттердің дұрыстығы мен толықтығы тексерілген соң, орталық мәліметтер банкін қалыптастыру үшін ҚСЖА(Д)О-на жіберіледі. Екіншісі ҚСЖАО-да өңделеді және сақталады.

16. Мәліметтері толық емес, осы нұсқауда белгіленген ережеге сай болмаған жағдайда немесе белгіленбеген үлгідегі мөрқағаздарға толтырылса тіркелмейді және есепке алу актісін жіберген органға қайтарылуы тиіс.

17. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушы субъект туралы мәліметтер өндіріп алу мерзімінен немесе әкімшілік іс бойынша шешім заңды күшіне енген уақыттан бастап бір жыл бойы сақталады.

18. Тұлғаны тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім заңдарда белгіленген реттерде өзгертілсе, немесе жойылса, мемлекеттік орган ( лауазымды тұлға) бұл туралы сыбайлас жемқорлық қылмыстылықты айқындаған органға дереу хабарлайды. Сыбайлас жемқорлық қылмыстылықты айқындаған орган, өз кезегінде (4 қосымша) 2 дана хабарламаны дереу ҚСЖАО жолдайды, ол бір данасын ҚСЖА(Д)О жібереді. Хабарлама жергілікті және орталықтандырылған есептерге түзетулер енгізуге негіз болады. <\*>

*Ескерту: 18-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бас прокурорының 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 40 бұйрығымен .*

### **3. Бірыңғай журнал жүргізу тәртібі**

19. Бірыңғай журналдың 1-бағанында істің (материалдың) реттік саны, карточканы жіберген органның коды және тіркелген күні, 2-бағанада сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты анықтаған органның атауы, 3-бағанада істі (материалды) қараған органның атауы, 4-бағанда карточканың түскен күні, карточканы жіберген адамның аты-жөні, қызметі, 5-7 бағандарда құқық бұзушылықты сипаттау, субъекті және оның іс-әрекеті туралы мәліметтер көрсетіледі.

Істің (материалдың) қаралған күні, қорытындысы 8-бағанда көрсетіледі. 9-бағанда шешімнің өзгертілуі не бұзылуы туралы мәліметтер көрсетіледі.

#### **4. Арыздар мен өтініштерді есепке алу негізі мен тәртібі**

20. Есепке алу бойынша тексеріске "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңның 3-бабында көрсетілгені бойынша барлық адамдар, сонымен қатар мемлекеттік қызметке түсуге ынталы талапкер де жатады.

21. Олар туралы мәліметтерді талап ету, ҚСЖА(Д)О-на әрбір тексеріске жататын адамға сұрау (3-қосымша) жіберу арқылы жүзеге асады.

22. Сұратуды жазған жағдайда белгіленген мәліметтер кіршіксіз, өзгертусіз баспа әріптерімен толтырылады. Тексеруге жататын адамның тегі, аты, әкесінің аты бірінші бас әріппен, ілік септігінде жазылады.

Әкесінің аты болмаған жағдайда, сұратудың тиісті реквизитінде "жоқ" деген жазу көрсетілуі керек. Туған күні мен мекен-жайы толық жазылуы керек. Сұрау салудың 7 тармағында тексерілушінің лауазымы немесе тексерілушінің үміттенген лауазымы көрсетілуі керек. Сұрау салу мөрмен куәландырылады. <\*>

*Ескерту: 22-тармақ толықтырылды - ҚР Бас прокурорының 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 40 бұйрығымен .*

23. Егер тексерілуге жататын адамның тегі, аты, әкесінің аты өзгертілген болса, онда сұратуды бұрынғы мәліметтері де көрсетілуі тиіс. Аты-жөні 3 не одан да көп рет өзгертілген болса, онда бөлек сұрату қағазы толтырылады.

24. Сұрату пошта арқылы жіберіледі немесе ҚСЖА(Д)О кеңсенің арнаулы дербес тапсырманы апарушысына тапсырылады.

25. Көрсетілген талаптар орындалмаса толтырылған сұрату қағазы орындаусыз қайтарылады және оған ол туралы сәйкес белгі қойылады.

26. Сұрату ҚСЖА(Д)О-на түскен мерзімнен 5 күн ішінде және ынталы адамға пошта арқылы жіберіледі немесе арнаулы дербес тапсырманы апарушыға тапсырылады.

Сұрау салу өзінің нысандық түрі бойынша, "Қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасаған ведомстволық бағынышты соттармен белгіленген реттерде әрекетке қабілетсіздігі мойындалған, немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген; сондай ақ мемлекеттік лауазымды қызметке орналасу құқығынан сот шешімімен

айырылған тұлғалардың істерін есепке алып, жүргізудің бірыңғай реттері туралы", Нұсқаудың 4 қосымшасына ұқсас. <\*>

*Ескерту: 26-тармақ өзгертілді - ҚР Бас прокурорының 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 40 бұйрығымен .*

27. Сұрау салу бойынша тексерілуші тұлға жөніндегі орталықтырылған есептегі барлық мәліметтер, мерзімінің өтелуінен, сотталғандығының жойылуынан, қылмыстық қудалаудың тоқтатылу негіздерінен тәуелсіз беріледі.

Егерде сұрау салынған тұлға жөнінде есепте мәліметтер болмаған жағдайда сұрау салудың сыртына "мәліметтер жоқ" деген мөр таңба басылады. Орталықтандырылған есепте тексерілуші тұлға жөнінде қандайда болмасын деректер болған жағдайда сұрау салудың сыртына "Анықтауды жүргізген қызметкер" деген мөр табан басылып тексерудің уақыты көрсетіледі. <\*>

*Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бас прокурорының 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 40 бұйрығымен .*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
Б а с     п р о к у р а т у р а     ж а н ы н д а ғ ы  
Қ ұ қ ы қ т ы қ     с т а т и с т и к а     ж әне

ақпарат (Департамент) орталығы

1 - қ о с ы м ш а

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б а с

п р о к у р о р ы н ы ң

б ұ й р ы ғ ы м е н

б е к і т і л д і

2001.01.05. N 3

**Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзу және оны жасаған адамдарды есепке алудың N 1-К карточкасы <\*>**

*Ескерту: 1-қосымша өзгертілді - ҚР Бас прокурорының 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 40 бұйрығымен .*

(Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңда қаралған сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзуды айқындауға жауапты орган жасайды, ол туралы қаралған материалдың (хаттаманың) қорытындысы бойынша)

1. \_\_\_\_\_

(құқық бұзуды айқындаған органның атауы)

2. әскери бөлімнің нөмірі \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзудың сипаты (күні, уақыты, тәсілі, орны көрсетілсін)

4. Жасады: депутат (1), судья (2), мемлекеттік қызметкер (3), Заңның 3-т сәйкес субъекті болып саналатын адам (4), заңның 3-б. 4-т. сәйкес субъекті болып саналатын жеке тұлға (5), заңның 3-б. 4-т. сәйкес субъекті болып саналатын заңды тұлға (6), әскери қызметкер (7) органдардың лауазым иелері: әділет (8), қаржы полициясы (9), ішкі істер (11), қорғаныс министрлігі (12), ұлттық қауіпсіздік (13), кеден қызметі (14), шекара қызметі (15), прокуратура (16), салық қызметі (17), ТЖА (18), мемлекеттік билік (19), арнайы қызмет (20), басқа мемлекеттік құрылымдар (21).

5. Сыбайлас жемқорлық туралы материалды (хаттаманы) қараған органның а т а у ы .

6. Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы Заңның нормалары бойынша құқық бұзушылықты анықтау \_\_\_\_\_

бабы \_\_\_\_\_ бөлігі \_\_\_\_\_ тармағы

7. материал (хаттама) мәніне байланысты қаралды

7.1. Бұйрық N \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.

7.2. Соттың қаулысы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.

8. Шаралар қолданылды: қызметтен босатылды (1), қызметінен төмендетілді (2), қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту (3), қатаң сөгіс (4), сөгіс (5), ескерту (6), әкімшілік айып (7), басқа жазаға бұйырулар (8)

**сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылығы үшін жауапқа тартылған адам туралы мәліметтер**

9. тегі \_\_\_\_\_ 10. Аты \_\_\_\_\_ 11. Әкесінің аты \_\_\_\_\_

9.1 \_\_\_\_\_ 10.1 \_\_\_\_\_ 11.1 \_\_\_\_\_

12. туған күні \_\_\_\_\_

13. туған жері \_\_\_\_\_

14. тұрғылықты мекен-жайы (пәтерге тұрғылықты тіркелуі) \_\_\_\_\_

15. жеке басын куәландыратын құжат: төлқұжат (1), жеке басының куәлігі (2) \_\_\_\_\_

16. жұмыс орны \_\_\_\_\_

17. қызметі \_\_\_\_\_

18. карточканы толтырған адамның аты-жөні, қызметі, қолы \_\_\_\_\_

19. толтыру күні \_\_\_\_\_

20. ҚСЖАО-да тіркелген күні \_\_\_\_\_

Бірыңғай журнал бойынша материалдың (хаттаманың) нөмірі \_\_\_\_\_

21. ҚСЖАО-ның қызметкері \_\_\_\_\_

(қызметі, аты-жөні, қолы)



Ескерту: карточка толтырылғаннан кейін статистикалық ресми құжат болып саналады, оған қол қойған адам, заңда белгіленген тәртіппен көрінеу жалған мәлімет енгізгені үшін жауапқа тартылады

(Көлемі 210x300)

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

Құқықтық статистика және ақпарат (Департамент) орталығы

**Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушы субъектілерді  
бірыңғай тәртіппен есепке алудың**

**Бірыңғай журналы**

Басталды \_\_\_\_\_ "\_\_\_" 20\_\_ ж N  
Аяқталды \_\_\_\_\_ "\_\_\_" 20\_\_ ж N

Сыбайлас!Сыбайлас!Істі (ма!Карточ!Құқық !Құқық бұзу!Құқық !Істі (ма!Шешім.  
лас !жемқор. !териал. !каны !бұзу. !дың "Сыбай!бұзған !териалды)!ді өз.  
жемқор!лық пен !ды) қара!жіберу!дың !лас жемқор!адамдар !карау қо!герту  
рлық!құқық бұ!ған мем!ге ұс!қысқа!лыққа қарсы!туралы !рытындысы!(бұзу)  
пен !зуды ай!лекеттік!ынған !ша маз!күрес тура!мәлімет.! !туралы  
құқық!қындаған!органның!адам. !мұны !лы" және !тер (те.! !мәлі.  
бұзу!мемлекет!атауы !ның !(күні,!не) басқа !гі, аты,! !мет.  
шылық!тік ор. ! !аты- !уақы. !заң актіле!әкесінің! !тер  
тура!ганның ! !жөні, !ты, ор!рінің нор. !аты, ту.! !  
лы іс!(лауазым! !қызме!ны, мү!малары бой!ған кү. ! !  
тің !іесінің)! !ті !ліктік!ынша анық. !ні, жы. ! !  
(мате!атауы ! ! !залал!талуы !лы, қыз.! !  
риал.! ! ! !дың кө! !меті, жұ! !  
дың) ! ! ! !лемі ! !мыс ор. ! !  
нөмі.! ! ! !теңге.! !ны) ! !  
рі, ! ! ! !мен) ! ! ! !  
орган! ! ! ! ! ! ! ! !  
ның ! ! ! ! ! ! ! ! !  
коды,! ! ! ! ! ! ! ! !  
және ! ! ! ! ! ! ! ! !  
тір. ! ! ! ! ! ! ! ! !  
кеу ! ! ! ! ! ! ! ! !  
күні ! ! ! ! ! ! ! ! !

\_\_\_\_\_!  
1 2 3 4 5 6 7 8 9  
\_\_\_\_\_!

3-қосымша

Қызметте қолдану үшін

**Мемлекеттік қызметкерге (мемлекеттік қызметке түсуге ынталы адамға)**

**СҰРАТУ қағазы**

N \_\_\_\_\_

Алу: пошта/арнаулы  
д е р б е с

тапсырманы апарушы арқылы

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

Бас прокуратура жанындағы ҚСЖА(Д)О-на

1. Тегі \_\_\_\_\_

2. Аты \_\_\_\_\_

3. Әкесінің аты \_\_\_\_\_

(егер өзгертілсе бұрынғысы көрсетіледі)

4. Туған күні \_\_\_\_\_

5. Туған жері \_\_\_\_\_

6. Мекен-жайы \_\_\_\_\_

7. Тексерудің себебі \_\_\_\_\_

Мемлекеттік органның бастығы \_\_\_\_\_

( а т ы - ж ө н і , қ о л ы )

Жіберушінің мекен-жайы: индексі \_\_\_\_\_

Тұрғылықты жері \_\_\_\_\_

Аудан \_\_\_\_\_

Облыс \_\_\_\_\_

Мемлекеттік орган (қысқартусыз толық атауы көрсетіледі)

(көлемі 150x210)

4-қосымша

Қазақстан Республикасы Бас прокуратура  
жанындағы Құқықтық статистика

және ақпарат (Департамент) орталығы

Көшірмесі: облыстық прокуратура

жанындағы ҚСЖАО

**Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзғаны үшін мемлекеттік қызметкерді жауапқа тарту туралы шешімді өзгерту (бұзу) туралы ХАБАРЛАМА**

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

туған күні, айы, жылы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

қолданған шара туралы мәліметтер \_\_\_\_\_  
(сыбайлас жемқорлықпен

\_\_\_\_\_  
құқық бұзғаны үшін жауапқа тартылған күні, түрі және негіздемесі көрсетіледі) "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ кабылданған шешімнің өзгертілуі (бұзылуы) туралы мәліметтер

\_\_\_\_\_ (жауапқа тарту туралы кабылданған шешімнің өзгертілуі (бұзылуы) туралы кабылданған шешімнің күні, негіздемесі көрсетіледі)

Шешім қабылдаған органның атауы \_\_\_\_\_

(Хабарламаны жасаған адамның аты-жөні, қызметі, қолы) \_\_\_\_\_

Толтырылған күні, айы, жылы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. М.О.

(көлемі 150x210)

5-қосымша

**Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзу туралы істің (материалдың) қ а р а л у ы т у р а л ы**

**Хабарлама**

Анықталған құқық бұзудың сипаттамасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Құқық бұзушы туралы мәліметтер:

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

(егер өзгертілсе бұрынғысы көрсетіледі)

туған күні, айы, жылы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

қаралған істің қорытындысы \_\_\_\_\_

(өндіріп алудың түрі, қаралған істің күні және т.б.)

Өндіріп алу мерзімінің аяқталуы \_\_\_\_\_

Материалды қараған мемлекеттік органның бастығы \_\_\_\_\_

---

(мемлекеттік орган бастығының аты-жөні, қолы)

Кадр қызметінің бастығы (аты-жөні, қолы)

Толтырылған күні " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.

М.О.

(көлемі 150x210)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК